

Бекітемін

«Лилия» бөбекжай

бақпасының меңгерушісі

Яворская Л.И.

2025 ж.



Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Шымкент-2025ж.

**Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған
жұмыс жоспары**

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
І кезең: Ұйымдастырушылық -ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Менгеруші, әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту; - жазғы мезгір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Менгеруші, әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және шектеулерді сақтау туралы; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.	Мамыр, маусым	Менгеруші, әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жсергілікті санитариялық жсәне төтенше жсәздайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу;	Мамыр, маусым	Әдіскер, тәрбиешілер

- табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында жүру ережесі.		
--	--	--

Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публицистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру.	Мамыр	Әдіскер
II кезең. Әкімшілік – басқару бақылауы		
Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); 3) бассейнді дайында (бар болған жағдайда) - қауіпсіздікті тексеру.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін, мерекелік және бұқаралық іс- шараларының ұйымдастырылуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым-тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері

Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.	Маусым - тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - «шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқау беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.); - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен балаларды дамыту талаптарына сәйкестігін бақылап, жетілдіріп отыру.	Маусым- шілде	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері
Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі». Семинар – практикум: «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері». 2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары». Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрлері қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.	Жазғы сауықтыру кезеңі бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт » бөлімінде 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - буклеттер; - жаднамалар;	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері

- нұсқаулықтар; - инфографикалық ақпараттық парақшалар, кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - «Ішек жұқпасы»; - «Кене энцефалиті»; - «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер».			Әдіскер
IV Балалармен жұмыс			
«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (модель 34 т.); - балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 36 т.); - бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асу (модель 26 т.); - педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына кәңіл бөліп, күнді әзі тандаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.); - әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.).	Жаз бойы		Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
V Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары			
Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы	
- таза ауадағы дене шынықтыру; - таңертеңгі жаттығу; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы	
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Мамыр айының	Медициналық қызметкер	

	соңында	
- Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар.; - Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. - спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар; - Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу(мүмкіндігіне таза ауада).	Жоспар бойынша	МДҰ меңгерушісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: - дозаланған күн ванналары; - суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю; - массаж жолдарымен жаяу жүру, өзінемассаж жасау; - ауа ванналары; - терезені ашып қойып ұйықтау; - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су ішу режимі; - тыныс алу жаттығулары. Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Күн сайын	Тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: - «Денсаулық сағаты». Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу:	Күн сайын	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медицина қызметкері, бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс		

- ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу	Тамыз	Тәрбиешілер, медицина қызметкері
Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Менгеруші, әдіскер

«Алақай, жайдарлы жаз келді» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары

Өткізілетін ішкі шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
«Өркештің күні сәлемдесетін»	1-апта (02.06-06.06) «Бақытты балалық шақ» Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: - балалар шығармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу байқауы.	02.06
«Менің әлемім»	- «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу; - балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жағтынулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу; - тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.	04.06
Кәусар бұлағы	Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын тандап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.	05.06
Сабын көпірі күні	2-апта (09.06-13.06) «Қош келдің жарқын жаз» Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. «Жедел жәрдем» театрландырылған ойыны. «Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны. Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видео сюжеттер көрсету	09.06

Теңіздегі тіршілік	Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар.	10,06
Сүйкімді кірпі	«Менің ағамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс).	11,06
Табиғат аясында	Жыл мезгілдері (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/20). Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру «Күлімдейді күн маған».	12,06
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» https://bilimkids.kz/kk/videos/11	13,06
3-апта «Ертегілер елінде» (16.06-20.06)		
Жас із кесушілер	Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Қимылды ойындар «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету.	16,06
Аңдар мен аңшылар	Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер»... «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады). Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі». Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып алда ата» (доппен)	

Мейірімді достарым	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау (ресурстарға сілтеме: https://bilimkids.kz/kk/videos/10;https://bilimkids.kz/kk/videos/26).	17.06
Саялы бақ	«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?» Ағаштардың суретін салу.	18.06
Сыр сандық	Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру.	19.06
Мейірімді достарым	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау (ресурстарға сілтеме: https://bilimkids.kz/kk/videos/10;https://bilimkids.kz/kk/videos/26).	20.06
4-апта «Денсаулық аптасы» (23.06-27.06)		

Бағдарлам күні	Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдарлам».	23.06
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану). «Ұлы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді карап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету (ресурстардың үлгісіне сілтеме: https://www.youtubeekids.com/) Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы».	24.06
Марғаудың үйшігі	«Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу. «Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойындары. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу.	25.06
«Қауіпті заттар мен құралдар»	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы.	26.06
Шебер қолдар	Театтландырылған қойылым атрибуттарының байқауы. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	27.06
1-апта (30.06-04.07) «Жануарлар әлемі»		
Табиғатты қорғайық	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру. Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау. Қимыл-қозғалыс ойыны «бақшадағы қояндар».	30.06
Су әлемінде	Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Су бетінде сурет салу.	01.07

Ғажайыптар әлемі	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	02.07
Менің достарым	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	03.07
«Сүйікті қалам-Астана»	«Еліміздің жүрегі – Астана» тақырыбында әңгімелесу. Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Бұл бақытты – мекен» асфальтқа сурет салу байқауы. «Менің сүйікті қалам» үздік ән байқауы.	04.07
2-апта (07.07-11.07) «Менің отбасым»		
Менің сүйікті кейіпкерім	Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.	07.07
«Мерейлі отбасы»	«Әке көрген оқ жонар», зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру. Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі.	08.07
«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	«Әлди-әлди ақбөпем» челленджі, әжесінің бесік жыры. Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесін ұйымдастыру. Тақырыпқа сәйкес ән айту мен мәнерлеп оқу сайысы. Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	09.07
Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-кәк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ».	10.07

Саусақпен құмға сурет салу күннің көзі	- «Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу; - «Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру; - Құмға, суға зерттеу жұмыстарын жүргізу	11.07.
3-апта «Жазғы сайыстар» (Қауіпсіздік шаралары) (14.07-18.07)		
«Ұлы дала баласы»	«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу.	14.07
Жүгіреміз, зырлаймыз	«Бөйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.	15.07
	«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) https://bilimkids.kz/kk/videos/11 . Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу). Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», «Орамал тастамақ» және т.б.	
Спорттық ойындар күні	Балалардың сүйікті қимылды ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Санамақтар жаттау. https://bilimkids.kz/kk/videos/18 , https://bilimkids.kz/kk/videos/1 , https://www.youtube.com/watch?v=CQI2QNRsBk ,	16.07
Менің көңілді добым	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу, мүсіндеу «Менің көңілді добым».	17.07
«Олимпиада алауы»	Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау.	18.07

	Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіріпшемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары».	
4-апта «Табиғат әлемі» (21.07-25.07)		
Алтын балық	Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	21.07
Ойланайық, балақай!	«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс). Табиғатты бақылау.	22.07
Гүлдер күні	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын копсыту, суару, тазалау.	23.07
Жәндіктер әлемі	Танымдық әңгіме. Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қоя отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	24.07
«Туған өлкем»	Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Өн тыңдағып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фото альбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдау.	25.07

5-апта «Ойыншықтар» (28.07 -01.08)		
Әдептілік – әдемілік	«Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет», «Сән салоны».	28.07
Достық күні	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру, «Досыма сыйлық».	29.07
Мейірімділік күні	Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас.	30.07
Түрлі-түсті ак күні	«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: үрленген шарлармен эстафеталар өткізу, шарларға сурет салу, «ең көңілді шар» конкурсын жариялау, түрлі-түсті шардан кемпірқосақ құрастыру.	31.07
Достық аллеясы	Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу. Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа».	01.08
1-апта «Мейірімділік аптасы» «Ас атасы – нан» (04.08-08.08)		
Алтын дән	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. - көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу;	04.08
	- Ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау; - табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»	

Нан - дастархан байлығы	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; - нанның суретін салу, ермексазdan мүсіндеу.	05.08
Нан болса ән де болады	- Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - Наубайхана жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру.	06.08
Егіс алқабында	- «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындау; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру	07.08
Жемістер мен көкөністер	- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру.	08.08
2-апта «Достық» (11.08-15.08)		
Менің нәзік достарым	- Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру; - «Гүлге оранған ханзада мен ханшайым» байқауын өткізу (ән айту, би билеу)	11.08
Менің адал достарым	- Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/6); - шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; - сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу.	12.08
«Саясында бау-бақтың...»	- Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру; - отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау; - балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету.	13.08

Ханталапай	- Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеу; - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру; - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	14.08
Алуан-алуан кәсіп бар, тандай біл де, талап қыл!	- Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу; - сюжетті-рөлдік ойындар ойнау: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б.	15.08
3-апта «Жаз сыйы» (18.08-22.08)		
Қуыршақ театры	- Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап, дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру; - тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнау;	18.08
Сөз асылы шешендік	- «Өжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде ...» әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау; - «Ертегілер әлеміне саяхат» сүйікті ертегілерді айтқызу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр», дидактикалық ойын	19.08
Алуан-алуан кейіпкер бар	- «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеуді дамыту; - ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.	20.08
«Өнерлі өрге жүзер»	- Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу; - бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету.	21.08
«Ел іші – өнер кеніші»	- Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру:	22.08

	- театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; - қойылым желісін ойластыру; - рөлдерді ортақ келісіммен бірге тандау; - қойылымды қою.	
4-апта «Қош бол жарқын жаз» (25.08-29.08)		
«Балабақшам өз үйім»	- «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; - тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен тандап, ойнауға мүмкіндік беру	25.08
«Бір, екі, үш - бойға жинап күш»	- Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп тандатып, ойнату; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектену; - «Бөйге» ұлттық ойынын ойнату.	26.08
Менің Қазақстаным	- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу; - «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдын-ала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған әлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп тандату.	27.08
Конституция күні	- Адалдық, достық, тәртіп туралы әңгімелесу; - аталған тақырыпта балаларға ойын жағдаяттарын құру және оны дұрыс шешуге бағыттау; - байрақтың дайын бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру; «Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру.	28.08